

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясының
Хатшылығындағы лауазымға кандидатураларды бекітуге ұсыну туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1299 Қаулысы

2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағы комиссиясының хатшылығы туралы келісімге, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың (кеден одағы жоғарғы органдарының) үкімет басшылары деңгейіндегі мемлекетаралық кеңесінің «Кеден одағының комиссиясы туралы» 2008 жылғы 12 желтоқсандағы № 5 шешіміне және Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 17 тамыздағы № 358 шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясының бекітуіне мынадай кандидатуралар:

Ақпанбаева Дина Қияшқызы - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясы Сауда саясаты департаментінің директоры лауазымына;

Бектасов Әділбек Қатаямұлы - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясы Кедендік тариф және тарифтік емес реттеу департаментінің директоры орынбасарының лауазымына;

Халимов Мәлсат Исаұлы - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясы Құқықтық департаментінің директоры орынбасарының лауазымына
ұ с ы н ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов